

2023 жылғы 21 тамызда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының дауыс беру нәтижелері

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазМұнайГаз», «ҚМГ» немесе «Компания») 2023 жылғы 14 тамызда өткізілген акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының (бұдан әрі – «АКЖЖ») дауыс беру қорытындыларын жариялайды.

АКЖЖ өткізу кезінде ҚМГ орналастырылған акцияларының жалпы саны 610 119 493 құрады. Тіркеу журналына сәйкес, 2023 жылғы 14 тамыздағы 14 сағат 30 минуттағы жағдай бойынша (Астана уақыты бойынша) АКЖЖ - ға қатысу үшін 591 815 909 жай акцияны иеленетін 2 (екі) акционердің уәкілетті өкілі Отыншиев Елжас Мұратұлы тіркелді, бұл компанияның дауыс беретін акцияларының жалпы санының 97% - құрайды. Осылайша, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес АКЖЖ өткізу үшін кворум қамтамасыз етілді және АКЖЖ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы деп танылады.

АКЖЖ туралы хабарлама 2023 жылдың 14 шілдесінде да жарияланды. АКЖЖ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін ВОСА өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей қолжетімді болды. Белгіленген мерзімде АКЖЖ материалдары бойынша акционерлерден сұрақтар түскен жоқ.

АКЖЖ отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша акционерлердің дауыс беруі өткізіліп, шешімдер қабылданды.

Шешімдер	Қолдаймын	%	Қарсымын	%	Қалыс қалдым	%
1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы.	591 815 909	100%	0	0,00%	0	0,00%

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы

АКЖЖ дауыс беру қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің 8 (сегіз) адамнан тұратын жаңа құрамы сайланды:

1. Бердіғұлов Ернат Құдайбергеноұлы, ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүддесін қорғайтын өкіл;
2. Отыншиев Елжас Мұратұлы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүддесін қорғайтын өкіл;
3. Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүддесін қорғайтын өкіл;
4. Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы;
5. Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы, тәуелсіз директор;
6. Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы, тәуелсіз директор;
7. Холланд Филип Малкольм, тәуелсіз директор;
8. Мыңшарипова Сая Найманбайқызы, тәуелсіз директор.

Сондай-ақ дауыс беру нәтижелері бойынша Ернат Бердіғұлов ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

ҚМГ Директорлар кеңесінің бұрынғы төрағасы, тәуелсіз директор Кристофер Уолтон ҚМГ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, 9 жылдан астам уақыт тәуелсіз директор ретінде ұлттық компанияның Директорлар кеңесінің құрамында болғандықтан кеңес құрамынан шықты.

«ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы болғаным, үш бірдей тамаша басқарма төрағасымен және мықты менеджмент тобымен жұмыс істегеніме өте қуаныштымын. Жетістіктерімізді, атап айтқанда, басқару, қауіпсіздік және қаржылық тұрақтылықтың жақсарғанын мақтан етемін. Мен кез-келген сынаққа төтеп беретін, іргетасы берік компанияны қалдырып барам», - деп атап өтті Крис Уолтон.

«Крис Директорлар кеңесіне төрағалық еткен 6 жыл ішінде компанияның дамуына елеулі үлес қосты. Ол дұрыс тәсілдер мен құндылықты басшылыққа алды. Алғыс айтып, алдағы жұмысына сәттілік тілеп шығарып саламыз», - деді ҚМГ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев.

Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы соңғы бес жылда қызмет атқарды:

- 2019 - 2021 - *Whiteshield Partners* жобасының жетекшісі;
- 2021 - 2022 – «Самұрық-Қазына» АҚ *Стратегия, орнықты даму және цифрландыру жөніндегі бірлескен басқарушы директоры*;
- 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ *Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры*.

Соңғы бес жылда «KEGOC» АҚ және «QazaqGaz» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Қазатөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болды.

Сондай-ақ, АКЖЖ нәтижесі бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына Мыңшарипова Сая Найманбайқызы тәуелсіз директор болып сайланды.

Мыңшарипова Сая Найманбайқызы соңғы сегіз жылда қызмет атқарды:

- 2015-2018 – «Қазақстан инжиниринг» ҰК АҚ *Басқарма төрағасының орынбасары, Астана қ.;*
- 2018 - қазіргі уақытқа дейін - *Астана қаласы, АХҚО әкімшілігі салық саясаты департаментінің директоры*.

Соңғы бес жылда «QazaqGaz» АҚ және «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болды.

Сонымен қатар, Бердіғұлов мырза және Мыңшарипова ханым АІХ ресми тізіміне енгізілген компаниялардың тұрақты міндеттемелері бойынша басшылықтың 1.6-тармағының d), e), f) және g) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты ашу үшін ақпарат жоқ екенін куәландырады.

«ҚазМұнайГаз» Директорлар кеңесінің сайланған мүшесінің өмірбаяны компанияның сайтында қолжетімді болады www.kmg.kz.

Толығырақ ақпарат мына сілтеме бойынша қол жетімді:

<https://www.kmg.kz/>

Байланыс телефондары:

ir@kmg.kz

тел: +7 (7172) 78 64 34

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ туралы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнайгаз компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутегілерді барлау мен өндіруден бастап, тасымалдау, өңдеу және мамандандырылған қызметтерді көрсетуге дейін барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. Компания 2002 жылы құрылды, еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүдделерін білдіреді.

ҚМГ негізгі активтеріне мыналар жатады:

Барлау және өндіру: Өзенмұнайгаз (ӨМГ) – 100%, Ембімұнайгаз (ЕМГ) – 100%, Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) – 100%, ҚазМұнайТеңіз – 100%, Өріктау (УО) – 100%, Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) – 50%, Қазгермұнай (ҚГМ) – 50%, Қаражанбасмұнай (КБМ) – 50%, Қазақойл Ақтөбе (ҚОА) – 50%, ПетроҚазақстан Инк (ПКИ) – 33%, Теңізшевройл (Теңіз) – 20%, Қашаған – 16,88%, Қарашығанақ – 10%.

Тасымалдау: ҚазТрансОйл – 90%, Қазақстан-Қытай Құбыры (ҚҚҚ) – 50%, МұнайТас – 51%, Батуми мұнай терминалы – 100%, Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК) – 20,75%, Қазақтеңізкөлікфлоты – 100%.

Өңдеу және өзгесі: ПМХЗ – 100%, АМӨЗ – 99,53%, ПКОП – 49,72%, KMG International – 100%, Петромидия – 54,63%, Вега – 54,63%, ҚазРосГаз – 50%, «Казахстан Петрокемикал Индастриз Инк.» ЖШС – 49,5%